

10. <https://assembly.kz/news/azir-o-amda-til-m-selesi-belsendi-tal-ylanuda/>

11. Сәрсембин, Ү. Ұлттық рух және ұлттық интеллигенция немесе қазақ зиялылары қандай болуы қажет? / Ү. Сәрсембин. - Текст : непосредственный // АҚИҚАТ. - 2018. - №4. - С. 14-19 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫН ЮНЕСКО КӨЛЕМІНДЕ АТАП ӨТУДІҢ МАҢЫЗЫ

*Батықова Ә.Е., 2-ші курс магистранты
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Кіріспе

Қазіргі таңда әлем халықтарының мәдени ынтымақтастығын дамыту мақсатында жұмыс істейтін ұйымның бірі де бірегейі – ЮНЕСКО. Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-мен тығыз жұмыстар жасап, бірталай жетістіктерге жетіп, тарихи мұраларды сақтау мақсатында үлкен қадамдар жасаған болатын. Сол жұмыстардың бір бағыты – тарихи тұлғалардың мерейтойларын қажетті деңгейде атап өту. 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлындай зиялымыздың 150 жылдығын осы ЮНЕСКО көлемінде тойлау бұйырыпты. Алдымызда бұндай алып тұлғаның 150 жылдығын ауқымды түрде атап өту міндеті тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының біртуар перзенті, аты өшпес тарихи тұлға. Халқымыздың көзін ашып, надандықтан құтқару үшін ағартушылық жолында қиян-кешті еңбек қылған бабамыз. Ахмет Байтұрсынұлының ерен еңбегі қазіргі таңға дейін өзекті әрі қоғам үшін пайдасы зор.

Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист, ақын, мысалшы, «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі шығарушысы, бас сарапшы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасап, ұлы өзгерістердің ұйытқысы болған тұлға [1, 3 б.].

Қазақстанның тарихи тұлғаларын ЮНЕСКО деңгейінде таныту, олардың елеулі есімін жаңғырту бүгінгі күннің басым бағыттарының бірі. Тарихи тұлғалардың есімін жандандыру халықты мемлекетшілдік рухта тәрбиелеуге, өткенді зерделеуге, жастардың бойында тарихи сана қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы себепті, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өтудің маңызы зор.

Негізгі бөлім

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сонынан өшпес із қалдырған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланып келді. Қазақ балаларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліп-биімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Ол араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да 1910 жылдардан бастап 1920 жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынұлы жасаған «төте жазу» күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырларымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арналған «Біздің Отан» атты газетіміз де Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуын пайдаланып, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. Қазақ халқына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ – демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ұлы және беделді өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлын осылай танимыз және бұл танымға оның саясат пен идеология майдандарының белгілі кезеңдеріндегі қайшылықтары мен жаңсақ басқан қадамдарын ескере отырып келіп отырмыз.

Бұл таным – бүгінгі күнгі демократия мен әділеттіліктің жемісі. Бұл – халыққа сіңірген адал еңбектің тарихта өшпейтіндігінің айғағы. 1950-1960 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының есімі «халық жауы» деген дақпен қараланып келді. 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсынұлын «айыпсыз» деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді [2, 108 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының ғылымға, саясатқа, қоғамға жасаған жақсылығы әрдайым жадымызды. Оның мұрасы тек қазақ еліне ғана емес, күллі түркі жұрты мен әлем халықтарына пайдасы мол. Ахмет Байтұрсынұлының халқымызға жан-жақты сіңірген еңбегі әлем елдерінің назарынан тыс қалмады.

2021 жылдың 23 қарашасында өткен ЮНЕСКО Бас конференциясының 41-ші сессиясы барысында 2022-2023 жылдарға арналған атаулы күндердің халықаралық күнтізбесін бекіту туралы арнайы қарар қабылданды. Бұл сессия бойынша 2022-2023 жылдарға арналған мерейтойлар тізіміне жалпы саны 67 атаулы күн кірген болатын. Тізімге Қазақстанның ұсынысы бойынша Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы да еңгізілді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО көлемінде қазақ зиялыларын назардан тыс қалдырмай, тиісті құрмет көрсету жолында жұмыс жасап, Қазақстанның ұсыныстарын қабылдауы біз үшін үлкен мәртебе. Бүгін де Қазақстанда бірнеше тарихи кешендер, мәдени мұралар, тұлғалар ЮНЕСКО бойынша қорғалып отыр.

Ендігі кезекте, Ахмет ағамыздың мерейтойының ЮНЕСКО қанатының астында өткізудің маңызы қандай және ЮНЕСКО нендей ұйым деген сұрақтарға жауап беріп өтелік.

ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды. Бүгін де, ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер және 193 мемлекет мүшелікке кіреді.

1945 жылы құрылғаннан бері ЮНЕСКО-ның миссиясы бейбітшілікті нығайтуға, кедейлікті жоюға, тұрақты дамуға және мәдениетаралық диалогқа ықпал ету болып табылады. Бұл ретте ұйымның білім беру саласындағы қызметі осы мақсаттарға қол жеткізудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. ЮНЕСКО бүкіл әлемде сапалы білім берудің біртұтас және гуманистік көзқарасын және білім берудің жалпыға бірдей құқығын жүзеге асыруды қолдайды, сондай-ақ білім берудің адами әлеуетті, қоғам мен экономиканы дамытудағы орталық рөлі туралы идеяны қолдайды.

ЮНЕСКО-ның білім саласына арналған бірнеше декларациялары мен құжаттары бар. Олардың негізгілерінің бірі – «Барлығына арналған білім» декларациясы. Бұл құжат 10 баптан тұрады, онда білім берудің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жұмыстың негізгі ережелері мен тұжырымдамалары келтірілген.

Құжатта: «Барлық адамдарға – балаларға, жастарға және ересектерге – олардың негізгі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған білім алуға тең мүмкіндіктер беріледі. Бұл қажеттіліктер адамдардың өмір сүруі, қабілеттерін дамыту және адамның қадір-қасиетін сақтау, жан-жақты қатысу жағдайында жұмыс істеуі үшін қажетті дағдылардың (оқу, жазу, ауызша сөйлеуді білу, есептерді шығару және шешу қабілеті)

және оқытудың негізгі мазмұнын (білім, кәсіби дағдылар, құндылық көзқарастары) қамтиды. Негізгі білім беру қажеттіліктерінің ауқымы және оларды қанағаттандыру әдістері нақты елдер мен елдің мәдениетіне байланысты әр түрлі болады» [3].

Осы ретте, ЮНЕСКО-ның басты мақсаттары мен Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымдарының ортақтығын байқаймыз. Бұған дәлел ретінде, Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі, білім жайлы көзқарастарын қарастырып өтелік.

Мысалы, 1911 жылы жазылған «Қазақ өкпесі» деп аталатын мақалада Ахмет Байтұрсынұлы былай жазған болатын: «Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанмыз, жоралы жерде жолдан қағылғанмыз бәрі де надандықтың кесапаты...» [4, 252 б.]. Бұл сөздерімен Ахмет атамыз білімнің әр адам баласы үшін маңызды екенін, надандықтың қоғамға кесірін тигізетінін меңзейді.

Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыдағы пікірі ЮНЕСКО-ның сауаттылыққа байланысты ұстанымымен сәйкес. ЮНЕСКО ұстанымы бойынша: «Сауаттылық – бұл адам құқығы және өмір бойы білім алудың негізі. Ол жеке адамдардың, отбасылардың және қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейтеді және олардың өмір сүру сапасын жақсартады. Сауаттылық кедейлікті жоюға, балалар өлімінің деңгейін төмендетуге, халықтың өсу қарқынын тежеуге, гендерлік теңдікке қол жеткізуге және тұрақты дамуды, бейбітшілік пен демократияны қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның саясаты сауаттылықтың таралуына ықпал етуге және өмір бойы оқытудың ажырамас бөлігі болып табылатын осы үшін қолайлы ортаны құруға бағытталған. Ұйым сонымен қатар сауаттылықтың ұлттық және халықаралық деңгейде басты міндет болып қала беруін қамтамасыз етуге тырысады. Жалпыға бірдей сауаттылық тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ұйым сауаттылықты тарату бағдарламалары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және өзінің білім базасы арқылы елдермен және серіктестермен ынтымақтасады [5].

Адам баласының сауат алуын, білім нәрімен сусындауының маңыздылығын Ахмет атамыз бірнеше рет қозғаған болатын. Мұны растайтын көптеген құжаттар да бар. Мысалы, белгілі Ахмет Байтұрсынұлы жазылуына қатысқан, 1905 жылғы Қарқаралы петициясының материалдарынан, жалпы қазақ халқының өзекті мәселелері туралы көкейкесті сұрақтар қозғалғанын көре аламыз. Петицияда патша үкіметінің қазақ балаларының жоғары білім алу үшін гимназияға түсу мүмкіндігін шектеуі, оларға шәкіртақы беру мәселесі, гимназиялар жанынан пансионаттар ашу қажеттілігі туралы мәселелер қарастырылады. «Қырғыз халқының білім алуға деген сұранысы орасан зор, бұл шығынның қырғыз мал шаруашылығы үшін ауыртпалығына қарамастан, қалалық училищелерде оқитын қырғыз балаларының массасы өз қаражатына айғақтайды», - деп қазақтың маңдайына біткен тау тұлғалары осы құжатта білімнің маңыздылығын ғана көтермей, сонымен қатар, қазақ балаларының мүддесін қорғаған болатын [6, 37 б.].

Ендігі кезекте ЮНЕСКО ұстанымдары мен Ахмет атамыздың ұстанымдарының ұқсас тұстарын саралап өтсек:

Біріншіден, барлық балалар білім алуға құқылы.

Екіншіден, білім алушы әр оқушы нәсіліне, ұлтына, тегіне және жынысына қарамастан білім алуға теңдей құқылы.

Үшіншіден, білім деңгейінің өсуі, халықтың білімділігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң әсер етеді.

Қарап отырсақ, «әлемді білім сақтайды», - деп ұрандаған Ахмет Байтұрсынұлының осы сөзі-ақ ЮНЕСКО-ның білім беру мен сауаттылық мәселесіндегі мақсаттарын бір сөйлеммен түйіндеп тұр.

Осы тұжырымдама арқылы, Ахмет Байтұрсынұлының мұрасының тек қазақ үшін ғана емес, бар адамзат қоғамы үшін маңызы зор екенін дәлелдедік. Ендігі кезекте, ұлы ұстаздың 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінді қалай аталғанын қарастыралық.

Жоғарыда айтып өткендей, 2021 жылдың 23 қарашасында өткен ЮНЕСКО Бас конференциясының 41-ші сессиясы барысында Ахмет атамның 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО күнтізбесіне енген болатын. Жалпы, ұлт ұстазының 150 жылдығын атап өту жайлы ұсынысты 2021 жылы сенат депутаттары жасаған болатын.

Жоспар бойынша, Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын ЮНЕСКО ауқымында тойлау, ұстаздың өмірі мен шығармашылығын зерделеу бойынша ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу, елорда мен Қызылорда, Семей және Алматыда ескерткіштер орнату, Ахмет Байтұрсынұлының туған ауылын абаттандыру, оған апаратын жолдарды жөндеу, көрнекті тұлға туралы деректі фильмдерді жаңарту және көркем фильм түсіру, жақын және алыс шетелдердің мұрағаттарынан жаңа он томдық еңбектер шығару мүмкіндігін қарастыру секілді міндеттер алдыға қойылған болатын.

Қазіргі таңда, ЮНЕСКО ауқымындағы және еліміздің ішіндегі іс-шаралар орындалып қана қоймай, өз жемісін беріп отыр. Бұған дәлел, Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын 2022 жылдың қазан айында ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде атап өтуі.

Қазақстан делегациясы қатысуымен Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арналған салтанатты іс-шаралар Париж қаласында өткен болатын. Әлемдік деңгейде ұлтаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған осы ұйым шеңберінде Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы Парижден бөлек, Анкара, Чехия және басқа да шет ел қалаларында атап өтілді.

Франция астанасындағы ЮНЕСКО штаб-пәтеріне Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойлық іс-шараларындағы конференциялар, мастер-кластар, кездесулер, түрлі мәдени-ғылыми орталықтармен әңгімелесу форматындағы шараларға Қазақстан делегациясы мен ғылыми-зияткерлік қоғам және қазақ диаспорасының өкілдері қатысқан болатын.

Делегация құрамына мемлекеттік комиссия мүшелері – Ұлттық Ғылым академиясының академиктері Мәмбет Қойгелдиев, Зейнеп Базарбаева, ҰҒА корреспондент-мүшесі Зиябек Қабульдинов, тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, «Ахмет Байтұрсынұлы» мұражайының басшысы Райхан Имаханбет, «Тіл-қазына» орталығының бас директоры Ербол Тілешев және т.б саны 15-ті құрайтын азаматтар кірген болатын.

Жалпы іс-шара барысы «Егеменді Қазақстан» газетінің сайтында хабарланған болатын. «Іс-шара басында «Қазақ өркениеті және Ахмет Байтұрсынұлы» бейнефильмі көрсетілді. Ғылыми форумның ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын ЮНЕСКО жанындағы елдің тұрақты өкілі, ҚР-ның Франция Республикасындағы және Монако Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Гүлсара Арыстанқұлова оқыды. Содан кейін трибунаға ЮНЕСКО бас директорының орынбасары Син Куй көтеріліп, Қазақстан басшылығы мен халқын, сондай-ақ конференцияға қатысушыларды осы айтулы күнмен құттықтады. Пленарлық отырыста бірнеше ғалым Ахмет атамның жайлы өз мақалалары мен ғылыми жұмыстарын қорғады.

Франция және басқа да еуропа мемлекеттерінің өкілдерімен кездесулер, әңгімелер барысында Қазақстан ғалымдары мен қайраткерлері ғылым мен білім саласындағы зерттеулерді, өткеннің шығармашылық мұрасын, тіл біліміндегі, әдебиеттанудағы, Тарихи әдіснамадағы жаңалықтарды зерттеуге байланысты маңызды жобаларды таныстырды. Ғылыми өзара іс-қимыл мәселелері бойынша талқылаулар мен пікір алмасты, мастер-класс барысында тәжірибелерімен бөлісті» [7].

Ахмет Байтұрсынұлын ЮНЕСКО-ның тұрақталған Отаны – Франциямен байланыстыратын бірнеше жағдайлар да бар. Оларды қарастырып шықсақ:

Біріншіден, жазушы «Қазақ» газетінде Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы бірнеше мақала жариялады, онда Францияның саяси ұстанымына баға береді.

Екіншіден, ғылыми мәдениет пен әдебиетті талдауда ол Францияның әлемдік өркениеттегі тәжірибесін талдайды.

Үшіншіден, ол өзінің мақалаларында, әдістеме және педагогика саласындағы аудармаларында «пырансоз әдісі» – «Француз әдістемесі» туралы айтады.

Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы француз тілі мен қазақ тілінің сөзге буын қою тәртібінің бірдей екенін дәлелдеп кеткен болатын.

Жоғарыда айтылғандардың, Ахмет Байтұрсынұлының мұрасының ЮНЕСКО Отаны болған Францияға да бағалы екенін көре аламыз. Мүмкін содан болар, Франция елі 150 жылдық мерейтойды ұйымдастыру шараларын аса жауаптылықпен орындап, өз құрметін жоғары деңгейде көрсетті.

Қорытынды

Жалпы, ЮНЕСКО тұлғаның мерейтойын күнтізбеге еңгізу мәселесінде аса ұқыптылықпен жұмыс жасайды. Ұсынылған тұлға ғылымға, қоғамға пайдасы мол, есімі тарих беттерінен ойып орын алған тұлға болуы тиіс. Өзіміз түсінгендей, Ахмет Байтұрсынұлы ел мүддесін қорғауда қызмет қылған, ғылым мен адамзат жолында тер төккен алып тұлға. Тұлғаның есімін ЮНЕСКО көлемінде жаңғырту көптеген ғылыми жемістерге толы болмақ. Мысалы, ғалымның жеке тұлғасын тануда көптеген кітаптар жарық көріп, ғылыми еңбектер жазылды. Сонымен қоса, ғалымды тануға арналған көркем фильмдер шығуда. 150 жылдық мерейтой Ахмет Байтұрсынұлының ауылын абаттандыру, ауылға апаратын жолды жөндеу секілді де қоғамдық мәселелерді қамтып отырғаны көз қуантады. Бұл 150 жылдық мерейтойдың қортынды еңбектері болмақ. Яғни, ЮНЕСКО-ның ұстанымына сәйкес, біз 150 жылдықты тойлай отыра, ғылыми жетістіктерді көбейтіп қана қоймай, мәдениет саласындағы да жетістіктерді дамытып, қоғамдық мәселелерді шешуді қолға алып отырмыз.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын зерттеу мұнымен тоқтамауы тиіс. Ұстаз қалдырған ғылыми еңбектерді зерттеп, оларды қазіргі заманда қолдану жолдары мен мүмкіндіктерін табу өзектілікке ие. Мысалы, Ахмет атамыздың «төте жазуын» жоғары білім алушылардың білім бағдарламасына қосылса немесе осы «төте жазуды» үйрететін курстар ашылса екен деген тілек бар. Бұндай бастама зиялыларымыздың еңбектерін түпнұсқада оқуға ғана емес, сонымен қатар шетелдік бауырларымызбен хат-хабар алысуға да көмегін тигізер еді. Сонымен қоса, Ахмет Байтұрсынұлы қалдырып кеткен ғылыми-тарихи мұраларын зерттеуге деген қызығушылықты одан әрі дамытар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы / Құраст. Р.С. Имаханбет. - Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
2. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлыға арналады / Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б.
3. НИЦ АПМ Минобрнауки: официальный сайт. – URL: <https://www.russianenic.ru/int/unesco/all.html>
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
5. ЮНЕСКО: ресми сайт. – URL: <https://ru.unesco.org/themes/gramotnost-dlya-vseh>
6. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Движение Алаш: сборник документов и материалов. Т.1. – Алматы: Ел шежіре, 2004. – 552 б.
7. Егеменді Қазақстан: ресми сайт. – URL: <https://egemen.kz/article/324799-unesco-akhmet-baytursynuly-nalqalady>